| 2 | | 100 | Қазақ мемлекеттік республикалық орман дақылдарының тұқымын дайындайтын мекеме | Тұқымды егістік қасиеттеріне, оның энтомологиялық және фитопатологиялық залалдануына сараптамадан өткізуді қамтамасыз ету, орман зиянкестері мен аурулары ошақта- | Жыл бойына | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | рының болжамы бойынша мәліметтер жинау және ақпарат әзірлеу үшін штат саны 28 адамнан тұратын мекеме ұстау. Сатып алу: микроскоп - 8 дана, ламинарлы бокс - 4 бірлік; тоңазытқыш шкаф - 4 бірлік; компьютер - 1 бірлік; автомашина - 1 бірлік. | | |
| 3 | 101 | Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы | Орман өрттерінің алдын алу, оларды байқау және жою, ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу; ормандарды молықтыру. Ормандарды заңсыз кесуден, бүлінуден, талан-таражға салудан қорғау; күтім жасау және санитарлық мақсаттарда ағаш кесуді жүзеге асыру; табиғат пайдаланушылардың орман пайдалану тәртібі мен аң аулау ережелерін сақтауын қамтамасыз ету; оқу практикаларын ұйымдастыру және | Жыл бойына | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өткізу үшін штат саны 39 адамнан тұратын мекемені ұстау; құрал-жабдық пен басқа да негізгі қорлардың ағымдық жөндеуі; Сатып алу: нысандық киім - 34 бірлік; икемді радиобекет - 10 бірлік; алып жүретін радиобекет - 6 бірлік; станцио-нарлы радиобекет - 3 бірлік. | | |
| 4 | 102 | Тұрақты орман дақыл-дарының тұқымын дайындайтын базасын қалыптастыру | Қосымша екпелер іріктеу - 510 га тұқымдар: шырша, (қарағай, қайың, сексеуіл); тұрақты орман дақылдары учаскелерін отырғызу - 615 га (тұқымдар: Шренк шыршасы, қарағай, қайың, сексеуіл, арша); генетикалық резер-ваттар бөлу - 11150 га (Шренк шыршасы, қара сексеуіл, торағы, тоғайлы ормандар). Қосымша ағаштар іріктеу - 199 дана (тұқымдар: шырша, қарағай, қайың, сексеуіл); уақытша орман дақылдары | Жыл бойы-на | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

учаскелерін отырғызу - 2799 га (тұқымдар: қарағай, қайың, балқарағай, майқарағай, сібір шыршасы, сібір қарағайы, сексеуіл, арша); тұрақты орман дақылдары плантацияларын отырғызу - 10 га (тұқымдар: Шренк шыршасы, сексеуіл, Сиверс алмасы, қарағай);
Сатып алу: автомашина - 4 бірлік, жылужай кешені үшін жабдықтар - 1 жиынтық, трактор - 1 бірлік, тіркеме - 1 бірлік, мала - 1 бірлік, культиватор - 1 бірлік, соқа - 1 бірлік, шалғы - 1 бірлік, спутник байланысының алып жүретін приборы - 6 бірлік, бензинара - 4 бірлік, компьютер - 3 бірлік, көшіргіш аппарат - 1 бірлік, факсимильді аппарат - 1 бірлік.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 103 | Орман-аңаулауды орналастыру және орман шаруашылығын жобалау | Дайындық жұмыстары - 193,7 мың га: Шығыс Қазақстан облысы - 66,2 мың га; Павлодар облысы - | Жыл бойы- нда | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және |

| | | |
|---|---|---|
| орман және жануарлар дүниесі саласындағы есепке алу және биологиялық негіздеме | 127,5 мың га. Аэрофототүсірмелермен, космотүсірмелермен қамтамасыз ету, топокарталарды, шаруашылықаралық жер орналастыру жоспарларын, аудандық және облыстық карталарды сатып алу. Алматы облысының объектілері бойынша негізгі ережелерді әзірлеу. Орман мекемелеріндегі дала орман орналастыру жұмыстары - 334,0 мың га: Солтүстік Қазақстан облысы - 131,0 мың га; Ақмола облысы - 86,7 мың га; Шығыс Қазақстан облысы - 116,3 мың га. Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша орман шаруашылығын ұйымдастыру және дамыту жобаларының өндіріске енгізілуіне авторлық қадағалаулар мен тексерулер жүргізу. Камеральдық жұмыстар - 561,4 мың га; Ақмола облысы - 20,5 мың га; | аңшылық шаруашылығы комитеті |

Шығыс Қазақстан облысы - 540,9 мың га.
Камеральдық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде ГИС технологияларын қолдану және бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру.
Материалдарды электрондық өңдеумен статистикалық есептілікті қабылдау және жинақтау.
Атырау облысының орман орналастыру жиынтық жобасын құру.
Жобалау-іздестіру жұмыстары:
2004 жылғы іздестіру бойынша камеральдық жұмыстар:
Жұмыс жобаларын әзірлеу:
Батыс Алтай МТҚ өртке қарсы құрылғысы - 56,1 мың га;
Наурызым МТҚ өртке қарсы құрылғысы - 191,4 мың га;
"Ертіс орманы" МТОР-ң жұмыс жоспарының мемлекеттік экологиялық сараптамасы - 1 жоба.
2005 жылғы жаңа

далалық іздестіру жұмыстары:
"Семей орманы" МТОР-ң өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобаларын әзірлеу - 658,8 мың га;
"Көкшетау" МҰТП ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жоспарлары жөніндегі іздестіру жұмыстары - 182,1 мың га;
Орман селекциялық-тұқымдық кешенді ұйымдастырудың жұмыс жобасы - 100,0 га;
Сатып алу: автомашина - 1 бірлік, компьютер - 2 бірлік.
Есепке алу мен биологиялық негіздемелер жүргізу:
киіктер санын есепке алу;
орман қорының жыл сайынғы есебі;
Астана қаласы мен оның қала шетіндегі аймағы жағдайында қаланы көгалдандыру мен сортаң және батпақты жерлерінде ағаш екпелерін құрудың тәсілдері мен технологияларын айқындау жөнінде

ұсыныстар әзірлеу;
Баянауыл МҰТП-н
кеңейту жөнінде
табиғи-ғылыми және
техникалық-экономи-
калық негіздемелер
әзірлеу;
Марқакөл МТҚ-н
кеңейту жөнінде
табиғи-ғылыми және
техникалық-экономи-
калық негіздемелер
әзірлеу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 104 | Астана қаласының жасыл желек-ті санитар-лық-қорғау аймағы | Жобаны табиғи жағ-дайға алып шығу - 8000 га. Жер пайдаланушылар-ға шығындарды өтеу. Отырғызу материа-лын өсіру - 110 га; Орман екпелеріне күтімін жасау - 7700 га; Шапшаң өсетін ағаш тұқымдарын аудан-дастыру - 9 тұқым; Орман екпелерін қорғау - 19000 га; 2005 жылы орман дақылдарын отырғызу, 2002-2004 жж. толықтыру және орман екпелерін қайта жаңарту - 5100 га; Отырғызу материалда-рын сатып алу. 2000-2005 жылғы екпелерге күтім - 1600 га. | Жыл бойы- | Қазақстан Республикасы на Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

Отырғызу үшін жер дайындау - 5000 га;
Орман тұқымы плантацияларын құру - 155 га;
Қосалқы бөліктерді сатып алу және техниканы жөндеу.
Сатып алу: жаңбырлатқыш қондырғы - 2 бірлік, трактор - 5 бірлік, тиегіш - 2 жиынтық, автобус - 3 бірлік, тұқым сепкіш - 3 дана, автомұнара - 1 бірлік, техжәрдем автомашинасы - 1 бірлік, автомашина - 2 бірлік, соқа - 2 бірлік, тіркеме - 4 бірлік, бульдозер - 1 бірлік;
2004 жылғы іздестіру бойынша камеральдық жобалау жұмыстары:
1 кезекте Астана-Шортанды магистралінің бойына орман екпелерін құрудың ЖЖ - 7000 га;
1 кезекте Астана қаласының қала шетіндегі аймағының шегінде (Солтүстік-Батыс бағыты) орман екпелерін құрудың ЖЖ - 8000 га;
2004 жылғы жұмыс

жобаларының мемлекеттік сараптамасы (сәулет-құрылыс және экологиялық) - 2 дана;
2005 жылдың жобасын табиғи жағдайға алып шығу 2 дана - 15000 га.
Санитарлық-қорғаныштық жасыл аймақтың екпелерін құрудың ЖЖ авторлық қадағалау - 7 жоба.
Жаңа дала іздестіру жұмыстары - 15000 га:
Астана қаласы аймағының шегінде (Батыс бағыты) қорғаныштық екпелерді құрудың ЖЖ - 10000 га;
Астана-Луговое бағытындағы магистраль бойына ландштафтық-рекреациялық екпелерді құрудың ЖЖ - 3000 га;
Астана-Малиновка бағытындағы магистраль бойына ландштафтық-рекреациялық екпелерді құрудың ЖЖ - 2000 га.
2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл Ел" бағдарламасын іске асыру мақсатында Астана қаласының айма-

ғын көгалдандыру жөніндегі жұмысты орындау.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 105 | Орманды әуеден қорғау | 5639 мың га алқапта бүлінген екпелерді байқау, осы екпелерді есепке алу және олардың жай-күйін қадағалау бойынша авиациямен күзету және аэрокөрілімдік орман-патологиялық бақылау: ұшу сағаты - 5722; МИ-2 тікұшағында "Бурабай" МҰТП-де авиациялық жұмыстарды орындау: ұшу сағаты - 300. Ресейде 3 байқаушы-ұшқыштарды оқыту. | Жыл бойына | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ормандарды қажет етілетін кондициядағы тұқымдармен молықтыру жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету, ормандардың фитосанитарлық жай-күйін болжау; Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру; жабайы жануарлар мен құстардың тіршілік ортасын жақсарту, астана төңірегінде демалуға арналған аймақтар құру; шығатын орман өрттерін авиациямен күзетудің көмегімен дер кезінде байқау және жою, олардың ірі орман өрттеріне ұласып кетуіне жол бермеу, бүлінген екпелерді табу; орман және аңшылық шаруашылығын, орман пайдалануды ұтымды жүргізуді, орман ресурстарын молықтыруды қамтамасыз ету, орман өсіруді жоспарлау және жобалау-іздестіру жұмыстарының негізінде орман шаруашылығында ғылыми-техникалық саясат жүргізу; сапасы жақсартылған отырғызу материалын алу; ормандардың және жануарлардың аңшылық түрлерінің мемлекеттік кадастры; орман және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми-әдістемелік талдамалармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1354 қаулысына
108-ҚОСЫМША
212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 111620 мың теңге (бір жүз он бір миллион алты жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабы ; Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 17-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылдың 7 қазандағы N 1096 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы Ережесінің 10-тармағының 6) тармақшасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1344 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасының 19, 22, 23, 24, 25-тармақтары; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 тамыздағы N 843 қаулысымен бекітілген 2003-2005 жылдардағы Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (I-саты) - 33 тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: балық қорларының жай-күйіне мониторинг, балық қорларын тиімді пайдалануды, құнды балық түрлерінің гендік қорын сақтауды, Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында және трансшекаралық су қоймаларында биоресурстарды пайдалануда ғылыми негіздеме жүргізілуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: кәсіпшілік балық табыны қорларын және жағдайын талдау негізінде республикалық деңгейдегі ірі балық шаруашылығы су қоймаларында оптималды-мүмкін балық аулау көлемін анықтау; кәсіпшілік балық санының динамикасына мониторинг жүргізу және оларды тиімді пайдалану мақсатында ұсыныс әзірлеу, айдындарға балықтарды енгізу және жерсіндірудің республикалық схемасын дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

```
____________________________________________________________________________
N  |Бағ.|Кіші |     Кіші       |     Бағдарламаны      | Іске   |    Жауапты
Рет|дар.|бағ.  |бағдарлама.|     іске асыру       | асыру |  орындаушылар
```

са.|лама|дар. | лардың | жөніндегі |мерзімі|
ны |коды|лама | атауы | іс-шаралар | |
| |коды | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 037 | | Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры | Республикалық деңгейдегі ірі балық шаруашылығы көлдеріндегі (Балқаш көлі, Қапшағай су қоймасы, Шардара су қоймасы, Арал теңізі (кіші), Бұқтарма және Шүлбі су қоймасы, Алакөл көлдер жүйесі, Орал-Каспий бассейні атырауы) оңтайлы-мүмкін аулау көлемін және кәсіпшілік аумақтардың балық өнімділігін анықтау; Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында кәсіпшілік балық табынының қорын және жағдайын талдау негізінде аймақтық маңыздылығы бар айдындарда оңтайлы-мүмкін аулау көлемін анықтау; | Жыл бойында | Мемлекеттік Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті |

Трансшекаралық су ағындарының гидрологиялық режимін анықтау және оның биоқорлардың құрылуына әсерін анықтау;

Айдындарға балықтарды енгізу және жерсіндірудің республикалық схемасын дайындау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық және облыс деңгейіндегі балық шаруашылығы айдынындағы аулау көлеміне квота мен шектеулерді бекіту үшін биологиялық негіздеме әзірлеу, әзірленген Схема негізінде балықтарды жерсіндіруді және айдындарға енгізу бойынша жұмыстардың тиімділігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 109-ҚОСЫМША

*Ескерту. 109-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Балық ресурстарын молайту" деген 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 586823 мың теңге (бес жүз сексен алты миллион сегіз жүз жиырма үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы; "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 47-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазанындағы N 1096 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы

Ережесінің 10-тармағының 79-1) тармақшасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 наурыздағы N 299 қаулысымен бекітілген Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайту туралы іс-шаралардың жоспарының 13-тармағы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1344 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 15, 17-тармақтары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы су қоймаларында кәсіпшілік балық қорларын толықтыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жас балықтарды ұдайы өндіру. Балықтардың табиғи өсіп өнуіне және тиімді мекендеуіне жағдай жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Балық ресурстарын молайту | Балықтардың бағалы түрлерінің тұқымдарын (бекіре балықтардың - 6,7 миллион дана; карп, сиг және улы өсімдіктермен қоректенетіндер тұқымдастарының - 136,9 миллион дана) өсіріп жаңғырту; 535,3 мың кубтық метр көлемде Орал және Қиғаш өзендері сағаларының түбін тереңдету жұмыстары. Балық өндірісімен | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті |

айналысатын кәсіп-орындардың мате-риалдық-техникалық базасын дамыту: Арнайы көлік - 13 дана; Арнайы жабдық - 32 дана; Арнайы техника - 6 дана.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: су қоймаларына балықтардың бағалы түрлерінің тұқымдарын (бекіре тұқымдас балықтардың - 6,7 миллион дана; карп, сиг және улы өсімдікпен қоректенетіндер тұқымдастарының - 136,9 миллион дана) жіберу; жайылатын және уылдырық шашатын орындарға балықтардың өтуін қамтамасыз ету; кәсіпорындардың жұмыс тиімділігін арттыру, балықтарды өсіру үшін өндірістік аумақтарды ұлғайту, балықтарды өсірудің көлемін арттыру, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасының деңгейін жоғарылату.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 110-ҚОСЫМША

*Ескерту. 110-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Батыс Тянь-Шань биоәралуандығын сақтау" деген 039 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 47907 мың теңге (қырық жеті миллион тоғыз жүз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы мен ҚЭҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кең ауқымды қорының атқарушы органы ретінде іс-қимыл жасайтын Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің арасында ҚЭҚ Қорының Трасталық гранты жөнінде келісім (Орталық Азиядағы биологиялық әр түрлілікті сақтау жөніндегі шекаралық жоба) жасасу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1503 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Батыс Тянь-Шань тауларындағы осал және бірегей биологиялық қоғамдастықты қорғау, Батыс Тянь-Шань өңірінің тұрақты дамуына ықпал ету үшін экологиялық саясатты әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Батыс Тянь-Шань аумағында орналасқан осал және бірегей биологиялық қоғамдастықты қорғауға қолдау көрсету және олардың биологиялық әр алуандылығын сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты, осы саладағы заңнамаларды, нормативтік ережелер мен ұйымдық құрылымдарды нығайтуға және үйлестіруге Қазақстан Республикасының жәрдем көрсетуі, Батыс Тянь-Шань аумақтарындағы күзет аймақтары желілерін нығайту және кеңейту, Батыс Тянь-Шань аймағында күзет аумағының биологиялық ресурстарына қысымды төмендету үшін жергілікті қоғамдастық үшін қызметтің баламалы және тұрақты түрде пайда беретін түрлерін анықтау, биологиялық әр алуандылықтың құндылықтары туралы жұртшылықтың хабардар болуын арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретсаны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 039 | | Батыс Тянь-Шань биоәралуан-дығын сақтау | | | |
| 2 | | 006 | Жобаны республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржыландыру есебі- | Қаратау қорығының әкімшілік корпусымен 4 кордонын салу. Жұмыс санаты бойынша грантты үлестік қосымша қаржыландыруды қамтамасыз ету. Қосымша құн салығын | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | нен іске асыру | төлеу. | | комитеті |
| | | | Операциялық шығыстар санаты бойынша грантты үлестік қосымша қаржыландыруды қамтамасыз ету. Құрылыс компанияларының қызметтерін сатып алу. | | |
| 3 | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | Жобаны іске асыру үшін ұлттық бөлімінің операциялық шығыстарын төлеуді қосқанда, саны 4 адамнан тұратын жергілікті консультанттардың қызметтеріне ақы төлеу | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Каратау қорығының инфрақұрылымы салынатын болады (Әкімшілік корпус, 4 кордонның үйі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 111-ҚОСЫМША

*Ескерту. 111-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету" деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2093258 мың теңге (екі миллиард тоқсан үш миллион екі жүз елу сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 79-бабы , Қазақстан Республикасының Орман Кодексі , "Ерекше

қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабы , " Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-15-баптары , "Республикадағы жыртқыштардың жекелеген түрлерінің санын реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 1230 қаулысы , "Киіктерді қорғау мен өсімін молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 980 қаулысы , "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 1239 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, биологиялық әртүрлілікті және табиғи экологиялық жүйелерді сақтау және дамыту, жаппай браконьерлікке жол бермейтін және Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарларының түрлері мен киіктерінің санын тұрақтандыруға және олардың таралымдарын қалпына келтіруге негіз болатын нормативтік-құқықтық және ұйымдық-шаруашылық шаралардың негізінде оларды сақтап қалу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: табиғи экожүйелерді, бірегей табиғи кешендерді және мемлекеттік табиғи-қорық қорының басқа нысаналарын қорғау, табиғи кешендерді сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу және енгізу, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында халықтың экологиялық оқу-ағартуын ұйымдастыру, материалдық-техникалық базаны нығайту, киіктердің кәсіпшілік санына қол жеткізу мақсатында табиғи еркіндік жағдайында олардың түрін және оның үйірлерінің тұтастығын сақтау, экобиологиялық тепе-теңдікті сақтауды ескере отырып қасқырларды ату, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау жөніндегі заң шығару шараларын күшейту, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер санының шынайы, тиімді жыл сайынғы есебін жүргізуді ұйымдастыру, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралымдары мен тіршілік ортасына бақылау жүйесін (мониторингін) ұйымдастыру, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің генетикалық қорын сақтаудың биотехнологиялық негіздерін әзірлеу жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет | Бағ. дар. | Кіші баға. | Кіші бағдарлама. | Бағдарламаны іске асыру | Іске асыру | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

са.|лама|дар. | лардың | жөніндегі |мерзімі|
ны |коды|лама | атауы | іс-шаралар | |
| |коды | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 040 | | | | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар-ды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету |
| 2 | | 100 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар | Жалпы штат саны 2623 бірлік болатын "Алтын Емел", Баян-ауыл, Іле Алатауы, Қарқаралы, Қатон-Қарағай, "Көкшетау", "Шарын" 7 мемлекет-тік ұлттық табиғи паркін, "Ертіс орманы", "Семей орманы" 2 мемлекет-тік табиғи орман резерватын, Ақсу-Жабағылы, Алакөл, Алматы, Барсакел-мес, Батыс Алтай, Қаратау, Қорғалжын, Марқакөл, Наурызым, Үстірт 10 мемлекет-тік табиғи қорығын ұстау. Мемлекеттік мекеме- | жыл бой-ында | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

лер кадрларының біліктілігін арттыру. Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қызмет үйлерін сатып алу - 4 бірлік. "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына кордон орнату (салу) - 10 бірлік. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы әкімшілік үйінің жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары. Алматы мемлекеттік табиғи қорығының кордондары мен өндірістік химиялық бекетін жөндеу - 5 бірлік, көпірлерді жөндеу - 8 бірлік, ғылыми базаны жөндеу - 1 бірлік. Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының мұражайы мен қазандығын жаңарту. "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватының өндірістік химиялық бекетін жөндеу - 4 бірлік, тұқым сақтайтын қоймасын жөндеу - 1 бірлік. Өртке қарсы шаралар,

ормандарды молықтыру.
Сатып алу:
жазғы нысанды киім,
қысқы нысанды киім,
қару;
өрт сөндіру машинасы - 14 бірлік;
күзет машинасы - 31 бірлік;
трактор - 58 бірлікке дейін;
орман тұқым сепкіші - 9 бірлік;
орман өртіне қарсы мотопомпа - 15 бірлік;
моторлы қайық - 10 бірлік;
қайық моторы - 10 бірлік;
мотоцикл - 95 бірлік;
жылқы - 142 бас;
қар шана - 24 бірлік;
радиобекет - 603 бірлік;
екі тумбалы үстел - 44 бірлік;
сейф - 8 бірлік;
жинақталған компьютер - 108 бірлік;
ксерокс - 24 бірлік;
принтер - 33 бірлік;
сканер - 3 бірлік;
факс - 13 бірлік;
бинокуляр - 2 бірлік;
бейнекамера - 18 бірлік.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 101 | Киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың құрып бара жатқан түрлерін сақтау және олардың санын қалпына келтіру | Республика аумағында төлдеу және басқа да маусымдық топталу жерлерінде киіктерді қорғау. Киіктердің қоныс аудару жолдарында, төлдеу, қыстау және басқа да мекендеу жерлерінде 2000 бас қасқыр ату. Жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғауды жүзеге асыру. | Жыл бойында | Ауылшаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: биологиялық әртүрлілік пен табиғи экологиялық жүйелерді сақтау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұтымды пайдалануды дамытуды қамтамасыз ету, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың материалдық-техникалық негізін нығайту нәтижесінде олардың жағдайын жақсарту, киіктер тұяғының азаюын тоқтату, қасқырлар санын қысқарту, тоғай кермаралының, қарақұйрықтың, арқардың және құланның, киіктің санын тұрақтандыру және олардың таралымдарын олардың таралу аймақтары бойынша сан өсімінің есеп деректерімен тіркелген тұрақты дамуға дейін қалпына келтіру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
112-ҚОСЫМША

*Ескерту. 112-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Нұра-Есіл өзендері алабының қоршаған**

**ортасын оңалту және басқару" деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 337698 мың теңге (үш жүз отыз жеті миллион алты жүз тоқсан сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 26 мамырдағы ҚРЗ Заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өзен арнасы мен оған іргелес аудандарды сынаппен ластанудан тазарту арқылы Нұра өзені бассейнінің аумағында тұратын халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту. Бұл жергілікті су пайдаланушылардың өсіп отырған мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін қауіпсіз, тиімді, аз шығынды баламалы сумен қамтамасыз ету көзін, сондай-ақ су тасқынын басқару үшін және экологиялық мақсатта өзендегі судың шығынын бақылауды қайта жасауға мүмкіндік береді.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: сынаптың жоғары концентрациясын жою, қоршаған ортаның нашарлап келе жатқан жағдайын қалпына келтіру және бар болатын және потенциалдық қауіп-қатерді жою; төменгі бьефтің мезгілдік су тасқынымен және Қорғалжын су-батпақты жерлерін сумен тұрақсыз, көбінесе баламасыз түрде сумен қамтамасыз етілуі мәселелерін шешуді жұмсарту үшін өзен суын басқарудың мүмкіндіктерін күшейту; өзенді жалпы басқару бойынша мүмкіндіктерді күшейту; Астана қаласын қоса, Нұра өзенінің бассейнінде орналасқан кенттерді экономикалық тұрғыдан алғанда сумен тұрақты және тиімді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 041 | | | | | Нұра-Есіл өзендері алабының қоршаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | басқару | ортасын оңалту және | | |
| 2 *(алынып тасталды)* | | | | | |
| 3 | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | құрылысқа жер бөліп берілгені үшін өтемақы төлеу; нақтыланған жобалауды жүзеге асыру үшін кеңесшілердің қызметтеріне ақы төлеу; жоба шеңберінде құрылысқа қадағалауды жүзеге асыру бойынша кеңесшілердің қызметтеріне ақы төлеу; операциялар жүргізген үшін екінші деңгейдегі банктің комиссиясын төлеу; жергілікті кеңесшілер үшін жиһаз бен ұйымдастыру техникасын сатып алу; операциялық шығындарды қоса алғанда, 10 адам санында жергілікті кеңесшілердің қызметтеріне ақы төлеу; сынамалар алуды жүргізу бойынша қызметтерге ақы төлеу; математикалық үлгі жасау бойынша кеңесшілердің қызметтері- | Жыл бойында | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

не ақы төлеу;
су қоймасын пайдалану жөнінде ережені әзірлеу бойынша кеңесшілердің қызметтеріне ақы төлеу;
"Ынтымақ су қоймасы" компонентінің шеңберінде тәуелсіз сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеу;
жоба шеңберінде институционалдық нығайту бойынша кеңесшілік қызметтеріне ақы төлеу;
жоба шеңберінде сараптамаларға ақы төлеу;
жоба шеңберінде құрылыс жұмыстары бойынша салық пен баждарды төлеу;
кеңес беру қызметтері келісім-шарттары бойынша салық пен баждарды төлеу;
валюталық операциялар жасағаны үшін лицензиялық алымды төлеу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: үш компонент бойынша нақтылы жобалау туралы финалдық есептер және "Ынтымақ су қоймасы" компоненті бойынша нақтылы жобалау туралы алғашқы есептер, үш компонент бойынша құрылыс жұмыстарын бастау, үш компонент бойынша құрылыс жұмыстарына қадағалауды жүргізу бойынша есептер, жоба шеңберінде сынамалар алу жөнінде есептер, математикалық үлгіні әзірлеу, су қоймасын пайдалану жөнінде

ережені әзірлеу бойынша алғашқы есептер, сондай-ақ жобаны басқару бойынша жұмыстар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
113-ҚОСЫМША

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 042 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2004000 мың теңге (екі миллиард төрт миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 1051 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметімен байланысты жекелеген мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 704 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 қазандағы N 1148 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының министрлігінің кейбір республикалық қазыналық кәсіпорындарының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсанындағы N 1309 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бәсекеге шаруашылығы ауыл қабілетті отандық өнімін өндіруді қамтамасыз ету үшін селекцияда, тұқым шаруашылығында, мал тұқымын асылдандыру ісінде және биопрепараттар шығаруда ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарларының және микроорганизмдердің гендік қорын сақтауды, дамытуды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми ұйымдарының материалдық-техникалық базасын қолдау және дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының азық-түліктік

тәуелсіздігін және ауыл халқының тұрмыс жағдайын жақсартуды қамтамасыз ететін агроөнеркәсіп өндірісін дамытудың экономикалық тетігін әзірлеу; жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнімді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарларының және микроорганизмдердің құнды гендік қорын сақтау, дамыту, кешенді зерттеу, құжаттау және пайдалану;

топырақтың құнарлығын сақтау және қоршаған сапасы және өзіндік құны бойынша бәсекеге қабілетті өнімді өндіруді қамтамасыз ететін өңірлердің табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген сорттық будандардың, ауыл шаруашылығы өсімдіктердің, технологиялардың, машиналар мен жабдықтардың қолда барын жетілдіру және жаңасын шығару негізінде өңірлер бойынша өсімдік шаруашылығын жан-жақты дамыту жөнінде ортаны қорғауды, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу;

орман шаруашылығын, республика өңірлері бойынша жасанды әдіспен орманды қалпына келтіруді және орман өсіруді, орманды өрттерден қорғауды тұрақты дамытудың ғылыми негіздерін әзірлеу және жетілдіру, орман патологиясыңың мониторингі;

орман шаруашылығын, республика өңірлері бойынша орманды қалпына келтіруді және орман өсіруді, орманды өрттерден қорғауды тұрақты дамытудың ғылыми негіздерін әзірлеу және жетілдіру, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және жер мелиорациясының ресурсын үнемдейтін технологияларын әзірлеу;

тұқымын аудандастыру жоспарын нақтылау, оларды құнарлы жемшөппен қамтамасыз ету малды күтіп-бағуға арналған технологияларды, машиналар мен жабдықты жетілдіру және жаңасын шығару, ветеринариялық қолайлықты қамтамасыз ету негізінде мал шаруашылығы өнімі өндірісін ұлғайту жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу;

өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімін пайдалана отырып жалпы және емдік-профилактикалық тағамдар өндіруге арналған жаңа технологиялар мен жабдықтар әзірлеу;

бәсекеге қабілетті, энергияны үнемдейтін және жоғары тиімді ауыл шаруашылығы техникасын, жабдығын және қосалқы бөлшектерді әзірлеу, жолдарды өткізу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу және оларға қызмет көрсету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және сақтау, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды ұйымдық-құқықтық жолдау жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

N |Бағ.|Кіші | Кіші | Бағдарламаны | Іске | Жауапты

Рет|дар.|бағ. |бағдарлама.| іске асыру | асыру | орындаушылар
са.|лама|дар. | лардың | жөніндегі |мерзімі|
ны |коды|лама | атауы | іс-шаралар | |
| |коды | | | |

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

1 042 Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер Заңнамада белгіленген тәртіппен ғылыми зерттеу жұмыстарын мынандай бағыттар бойынша орындау: "2005 жылы Қазақстан өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, қайта өңдеу және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету", "2005 жылы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің және микроорганизмдер жануарларының гендік қорын сақтау, дамыту және пайдалану". Жыл бойында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Мемлекеттік ғылыми техникалық-сараптама жүргізу бойынша қызметке төлеу.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен бекітілген сатып алынатын жабдықтардың тізбесіне сәйкес Қазақстан Республи-

касы Ауыл шаруашылы- ғы министрлігінің ғылыми-өндірістік орталықтарды субсидиялау.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: агроөнеркәсіп кешені экономикасын дамытудың ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын әзірлеу;

ауыл шаруашылығы өнімін өсірудің, қайта өңдеудің және сақтаудың жаңа технологияларын енгізу жөнінде ұсыныстар;

дәнді, дәнбұршақты, көкөніс, жеміс-жидек, орман және басқада дақылдардың сорттары мен будандарын шығару және мемлекеттік сорт сынағына беру;

жасанды әдіспен орманды қалпына келтіру мен орманды өсіру, өрттің алдын алуы мен орманды өрттен қорғау, ауыл шаруашылығы объектілерін сумен жабдықтау және жер мелиорациясының ресурс үнемдейтін технологиялар жөнінде ұсынымдарды әзірлеу;

асыл тұқымды жануарларды селекциялаудың тәсілдері мен әдістерін; өсімдіктер мен жануарларды аурулардан қорғау құралдарын өндіру кезінде микроорганизмдердің белсенді штаммдары, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібіне арналған биопрепараттарды және т.б. пайдалану жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту және ғылыми зерттеулердің деңгейін арттыру және Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында қойылған міндеттерді орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 114-ҚОСЫМША

*Ескерту. 114-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.11.29. N* 509d *қаулыларымен.*

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ауыл шаруашылығын институционалдық дамыту" деген 043 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 24784700 мың теңге (жиырма төрт миллиард жеті жүз сексен төрт миллион жеті жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексінің 163-бабы ; "Қазақстан Республикасының 2003 -2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың "2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1268 Жарлығы ; "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы ; "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11, 36, 53-баптары ; "Қаржылық лизингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 2 , 15-баптары ; "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; "Шағын кредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 1 , 9-баптары ; "Аграрлық секторға кредит беру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің орындалуы және есептілік (мерзімдік және жылдық) нысандарын енгізу жөніндегі қаржылық процедуралардың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысы ; "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қыркүйектегі N 1168 қаулысы ; "Астық қолхаттары жөніндегі міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйелердің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 470 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: аграрлық азық-түлік секторының тиімді жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін ауыл шаруашылығы өндірісі мен өнеркәсібінің тиімділігін арттыру; Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауар өндірісін қолдау; көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын уақытылы және тиімді жүргізу; агроөнеркәсіптік кешеннің мал шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттігін дамыту және тиімділігін арттыру; астық қолхаттарын ұстаушылардың құқығын және заңды мүдделерін қорғауды және астық саласында инвестициялық белсенділіктің өсуін қамтамасыз ету; табыс деңгейін арттыру, кедейлікті төмендету және шағын кредит беру негізінде ауылдық елде жеке

және отбасылық кәсіпкерлікті дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 043 | | | Ауыл шаруа-шылығын институцио-налдық дамыту | | |
